



БҰЙРЫҚ

09.10.2023

«Орал қаласы»

ПРИКАЗ

№ 1-221

город Уральск

2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін және білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрығына, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының 2023 жылғы 6 қазандағы № 895 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2023 жылғы 1 қыркүйек-2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан -10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 5-11 ақпан аралығында).

4-тоқсан-8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) – сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары -2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) – сынып оқушылары үшін:

1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін- жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) -2024 жылғы 29 мамыр;

